



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 23 сәуір

Ұлттық Банк делегациясы Халықаралық Валюта Қорының және Дүниежүзілік Банк Тобының Басқарушылар Кеңесінің Көктемгі кездесулеріне қатысты

2018 жылғы 20 – 21 сәуір аралығындағы кезеңде Халықаралық Валюта Қорының және Дүниежүзілік Банк Тобының Басқарушылар Кеңесінің Көктемгі кездесулеріне (бұдан әрі – Көктемгі кездесулер) қатысу үшін Ұлттық Банк Төрағасы Д. Ақышев бастаған Ұлттық Банк делегациясының Вашингтон қаласына (АҚШ) сапары болды.

Сапар шеңберінде Ұлттық Банк Төрағасы Д. Ақышевтың ХВҚ Басқарушы Директорының Орынбасары Тао Чжан мырзамен, ХВҚ Таяу Шығыс және Орталық Азия елдері департаментінің директоры Джихад Азур мырзамен, сондай-ақ құрамына Қазақстан Республикасы кіретін ХВҚ Кіші тобының Атқарушы директоры Мирослав Панек мырзамен кездесулері өтті.

Аталған кездесулер барысында тараптар ынтымақтастықтың жалпы мәселелерін талқылады, қаржы нарықтарындағы ағымдағы жағдай туралы пікір алмасты, сондай-ақ 2018 жылғы 16 мамырда Астана қаласында XI Астана Экономикалық Форумы қарсаңында өтетін Кавказ және Орталық Азия елдері үшін ХВҚ Өңірлік конференциясын өткізуді талқылады.

Сонымен қатар Ұлттық Банктің делегациясы ХВҚ Халықаралық валюталық және қаржылық комитетінің Жалпы отырысына, Кавказ және Орталық Азия елдерінің қаржы министрлері мен орталық банктері басқарушыларының Дәстүрлі кездесуіне, «Өңірлік экономиканың даму перспективалары: Таяу Шығыс және Орталық Азия» ХВҚ көктемгі бюллетенін таныстыруға қатысты.

Анықтама ретінде: ХВҚ Көктемгі кездесулері жыл сайын өтеді және өңірлік және жаһандық экономикаларды дамытудың негізгі мәселелері бойынша ахуалды салыстыруға мүмкіндік бере отырып, орталық банктер, халықаралық қаржылық ұйымдар басшыларының кездесулеріне арналған тиімді алаң болып табылады. ҚР Ұлттық Банкі таяу және алыс шетелдердің орталық банктері қызметінің негізгі мәселелері бойынша пікір алмасу, халықаралық қаржы институттарымен тығыз байланыс орнату және байланысты кеңейту мақсатында Көктемгі кездесулерге жыл сайынғы негізде қатысады.

Толығырақ ақпаратты төмендегі телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz